

1-qism: Har bir topshiriq 0,9 balldan baholanadi

1. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы мұндай тиянақсыз жай сөйлемдерді қандай сөйлем дейміз?

- A) басыңқы B) бағыныңқы
C) жай сөйлем D) күрделі сөйлем

2. Ауыз әдебиеттің жазба әдебиеттен қандай айырмашылығы бар?

- A) Ауыз әдебиеті көпшіліктің шығармасы, оның белгілі бір авторы болмайды.
B) Ауыз әдебиет пен жазба әдебиеттің айырмашылығы болмайды.
C) Ауыз әдебиеттің белгілі бір авторы болады.
D) Ауыз әдебиеті шығармаларында синтаксистік, лексикалық қайталаулар болмайды.

3. Тіл дыбыстарын – фонемаларды, олардың түрлерін, жасалу жолдарын, естілуін, қызметін, оларды топтастыруды, дыбыстық алмасулар мен өзгерістерді, дыбыстардың үндесуін, буын түрлерін, сөздерді тасымалдау заңдылықтарын т.б. зерттейтін тіл ғылымының саласы не деп аталады?

- A) фонетика B) лексика
C) грамматика D) морфология

4. Еңбек пен шаруашылық кәсібіне байланысты өлең жырлардың бір түрі не деп аталады?

- A) той бастар
B) айтыс өлеңдер
C) эпостық жырлар
D) аңшылық туралы жырлар

5. Бағыныңқысы басыңқыдағы істің, амалдың қалай орындалғанын білдіретін сабақтастың түрін не деп атайды?

- A) шартты бағыныңқы сабақтас
B) мезгіл бағыныңқы сабақтас
C) қарсылықты бағыныңқы сабақтас
D) қимыл-сын бағыныңқы сабақтас

6. Ақыл – дария, алсаң да таусылмайды,

... – қазына, саусаң да таусылмайды. Мақалды жалғастыр.

- A) Кітап B) Оқу
C) Білім D) Жер

7. Бағыныңқы сөйлемдерінің басыңқы сөйлеммен мағыналық қарым-қатынасына қарай жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас неше түрге бөлінеді?

- A) 3 B) 2
C) 4 D) 5

8. Батырлар жырында арнаудың қандай түрлері кездеседі?

- A) сұрай арнау, зарлай арнау
B) жарлай арнау, зарлай арнау
C) сұрай арнау, жарлай арнау
D) сұрай арнау, жарлай арнау, зарлай арнау



9. Араластың құрамында іліктес мәнді не себеп-салдар мәнді сөйлемдер болса, олар басқаларынан қандай тыныс белгілер арқылы айырылады?

- A) қос нүкте я сызықша
- B) жалғаулық шылаулар
- C) араларына үтір қойылады
- D) үтір және сызықша

10. «Ар қылмай ерлер қашар ма, қашпағым менің ар шығар» – деп? қашуды өзіне ар, намыс санаған батыр кім?

- A) Қобыланды батыр
- B) Алпамыс батыр
- C) Қамбар батыр
- D) Ер Тарғын

2-qism: Har bir topshiriq 1,5 balldan baholanadi

11. Қазақ орфографиясы сөздердің жазылу нормаларын қарастырғанда қандай принциптерге сүйенеді?

- A) морфологиялық, фонетикалық, лексикалық
- B) идеографиялық, дәстүрлі, фонетикалық
- C) морфологиялық, фонетикалық, дәстүрлі
- D) лексикалық, морфологиялық, дәстүрлі

12. Жалынмын жанып тұрған нөсерге өшпес,

Болатпын екі жүзді алмас кеспес ... мына өлең жолдары қайсы айтыстан үзінді?

- A) Шөже мен Балта айтысы
- B) Омарқұл мен Табияның айтысы
- C) Құлмамбет пен Түбектің айтысы
- D) Біржан мен Сараның айтысы

13. Стильдік тұрғыдан тілдің лексикасы неше салаға бөлінеді?

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 5

14. «Айман-Шолпан» поэмасының негізгі тақырыбы қандай?

- A) ғашықтық
- B) сүйіспеншілік сезімдер
- C) тартыс-күрес
- D) ар-намыс

15. Жұртшылықтың бәріне бірдей түсінікті, күнделікті өмірде, сөйлеу-жазу тәжірибесінде қолданылатын сөздерді не деп атайды?

- A) тілдің лексикасы
- B) пассив лексика
- C) актив лексика
- D) стильдік лексика

16. Қазтуған жырау қай ғасырда өмір сүрген?

- A) XII ғасырда
- B) XII ғасырда
- C) XIV ғасырда
- D) XV ғасырда

17. Фразеология деген термин қай тілден алынған және мағынасы қандай?

- A) латын тілінен алынып, «ойды көрікті айта білу»
- B) грек тілінен алынып, «біркелкі атау, бір түрлі айту»
- C) латын тілінен алынып, «жазу мәнері»
- D) грек тілінен алынып, «сөйлемше туралы ұғым, ілім»



18. «Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық», «Бір жақсымен дос болсаң, азбас, тозбас мүлкі етер, бір жаманмен дос болсаң, күндердің күні болғанда жәміле ғаламға күлкі етер» – деп, әлеуметтік мәселелерді ашып айтқан жырау кім?

- A) Шалкиіз жырау B) Қазтуған жырау
C) Доспамбет жырау D) Ақтамберді жырау

19. Төл сөздің баяндауышы есім сөздерден не тұйық етістіктен болса, төлеу сөзде ол сөзге жалғас ... айтылады.

- A) *тәуелдік және табыс септігі* жалғаулары
B) *ілік септік* жалғауы
C) *екенін* деген көмекші етістік D) *туралы, жөнінде, жайында* шылауларының бірі

20. Ақтамберді жырау неше жасында дүние салады?

- A) 90 жасында B) 93 жасында
C) 96 жасында D) 100 жасында

3-qism: Har bir topshiriq 2,6 balldan baholanadi

21. Қайсы жалғаулықтар тұрса, себеп мәнді жай сөйлем бұрын орналасып, салдар мәндісі соң орналасқан болады?

- A) себебі, өйткені
B) себебі, сол себепті
C) сондықтан, өйткені
D) сондықтан, сол себепті

22. Толғау дегеніміз бұл...?

- A) Біреулердің шығарған жыр толғауларын жаттап алып, оны халыққа жеткізуі толғау деп аталады.
B) Өз жанынан өлең шығарып, әрі екінші бір ақындардың өлеңін жаттап алып, оны халық арасында кеңінен жырлайды.
C) Өз дәуіріндегі ірі әлеуметтік мәселелерді көтеретін, үгіт-насихатты сарында айтылған дидактикалық өлеңдер.
D) Көпшілікке, белгілі бір ортаға, қауымға немесе жеке адамға да қаратылып айтылады.

23. – Тайжан? – деді ол, даусын соза сөйлеп. Мына сөйлемдегі төл сөзді төлеу сөзге айналған қатарын тап.

- A) Тайжан дауысын соза сөйледі.
B) Ол дауысын соза сөйлеп, өзінің Тайжан екендігін айтты.
C) Тайжан дауысын соза сөйлегенін айтты.
D) Ол өзінің Тайжан екендігін айтты.

24. Махамбет Өтемісұлының қай өлеңдерінде көнерген сөздер мен афоризмдер мол ұшырайды?

- A) «Ереуіл атқа ер салмай», «Әй Махамбет жолдасым», «Соғыс»
B) «Мұнайма», «Толғау», «Тарланым»
C) «Айныман», «Соғыс», «Толғау»
D) «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым»



25. Баяндауыштары көсемшенің -а, -е, -й, -п, -ын, -ін жұрнақтары арқылы байланысатын қайсы бағыныңқы сабақтастың түріне жатады?

- A) қимыл-сын бағыныңқы сабақтас
- B) мезгіл бағыныңқы сабақтас
- C) себеп бағыныңқы сабақтас
- D) қарсылықты бағыныңқы сабақтас

26. Низами Гәнжауи өзінің қайсы поэмасында адам өмірі, халық тағдыры, олардың келешегі жайлы өзінің ойын гуманистік идеяларын алға тартады және әділетсіздікті жояды?

- A) «Жеті ару» B) «Ескендірнама»
- C) «Құпия қазына» D) «Махзан-ул-асрор»

27. Профессионализмдер бұл...?

- A) Әдеби тілде қолданылмай, белгілі бір аймақ шеңберінде ғана қолданылатын тіл ерекшеліктерін атайды.
- B) Грек тілінен шыққан, сөйлемше туралы ұғым, ілім деген мағына білдіреді.
- C) Белгілі бір кәсіпке, мамандыққа байланысты сөздерді айтады.
- D) Грек тіліндегі жаңа сөздер деген ұғымды білдіретін термин.

28. «Кәне енді, мен өзімнің парсы және түркі тілінде жазған 10-12 мың жолдан тұратын өлеңімді, осы бір ғазалға ауыстырған болар едім» – деп, Әлішер Науаиға аса жоғары баға берген кім?

- A) Абай Құнанбаев
- B) Ғәбит Мүсірепов
- C) Лутфи
- D) Низами Гәнжауи

29. Автор сөзі құрмалас сөйлем болып, оның төл сөзді бөлігі *деп, десе, дегенде, деді, дейді, деген* формалармен аяқталса, олардан кейін қандай тыныс белгі қойылады?

- A) нүкте
- B) қос нүкте
- C) сызықша
- D) үтір

30. Мақтымқұлы Пырағы неше жасында дүниеден өтеді?

- A) 36 жасында
- B) 37 жасында
- C) 38 жасында
- D) 39 жасында

